



Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі

№ 13 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2004 жылғы 16 маусым

Халықаралық резервтер және
ақша базасы туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2004 жылғы 15 маусымда мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен*
Таза халықаралық резервтер, млн.долл.	6393,1	6454,2
Оның ішінде		
ЕАВ таза активтер**	5711,8	5711,8
Алтын	681,3	742,4
Ақша базасы, млрд. теңге	349,0	349,0
KZT/USD (кезең аяғында)	136,14	144,22
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	382,90	417,25

* 2003 жылдың аяғындағы теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген

** ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

2004 жылғы маусымның бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері төмендеді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ағымдағы бағасы 2,4%-ке (немесе 155,0 млн.долл.) төмендеді. Ұлттық Банктің ішкі валюта рыногында валюта сатып алуына, Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсетуге, Ұлттық қордың активтерін толтыру мақсатында валюта сату, сондай-ақ банктік емес қаржы ұйымдарының Ұлттық Банктегі шоттарында валютаның төмендеуіне және теңгенің негізгі әлемдік валюталарға нығаюына қарамастан таза валюта қорларын (ЕАВ) 136,7 млн.долларға толықтыруға ықпал етті. Алтынмен активтер оның әлемдік рыноктардағы бағасының 2,8%-ке төмендеуі нәтижесінде 18,3 млн. долларға төмендеді.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 2,1%-ке төмендеді, ЕАВ-мен таза активтер – 2,3%-ке, алтынмен активтер – 0,04%-ке өсті.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 3691,8 млн. долл.) қоса алғанда 10087,7 млн. долл. болды және өткен аймен салыстырғанда – 1,5 % болды.

2004 жылғы маусым айының бірінші жартысында Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің төмендеуі ақша базасының 3,2%-ке (немесе 11,4 млрд. теңгеге) тарылуына себепші болды.